



Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы 1998 жылғы 25 наурыздағы Несие жөніндегі келісімді (Кәдімгі операциялар) (Су қорларына иелік жасау және жерді қалпына келтіруді басқару жобасы) бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 2 шілдедегі N 263

Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы 1998 жылғы 25 наурыздағы Несие жөніндегі келісім (Кәдімгі операциялар) (Су қорларына иелік жасау және жерді қалпына келтіруді басқару жобасы) бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі
арасындағы
Несие жөніндегі Келісім
(Кәдуілгі операциялар)
(Су қорларына иелік жасау және жерді қалпына келтіруді
басқару жобасы)
датасы 25 наурыз 1998 ж.

Қазақстан Республикасы (бұдан былайғы жерде Несие алушы) мен Азия Даму Банкінің (бұдан былайғы жерде Банк) арасындағы Несие жөніндегі Келісім
25. 03. 98

(A) Несие алушының Банкке оның өзінің кәдуілгі капитал қорынан және осы Несие жөніндегі Келісімге (кәдуілгі операциялар) N 1 Қосымшада сипатталған Жобаның (бұдан былайғы жерде - Жоба) мақсаттарына арналған арнайы қордан төменде (B) белгіленгендердегі Несие сұрап өтінуін;

(B) Көрсетілген күнде Несие алушы мен Банктің арасындағы Келісімге (бұдан былайғы жерде Несие жөніндегі келісім (Кәдулгі операциялар) сәйкес Банк Несие

алушыға өзінің арнайы қорынан әртүрлі валютадан құралған және Несиелендірудің Арнайы Хұқығының (НАХ) жеті миллион екі жүз жиырма жеті мыңына (7,227,000 НАХ) тең соманы Жобаның (бұдан былайғы жерде "Арнайы операциялар жөніндегі Несие") мақсаттары үшін босатуға келісім беруін;

(C) Сонымен қатар Несие алушының Үкіметі Банкке су қорларын басқару саясатын институциональдық дамыту және реформалау ісіне техникалық көмек (бұдан былайғы жерде Техникалық көмек) беруді өтінуіне орай Банк осы мақсатқа алты жүз мың (\$ 600,000) долларға тең грант бөлуін; және

(D) Банктің Несие алушыға осыдан әрі қарайғы жердегі шарттарға сәйкес өзінің кәдуілгі капитал қорынан Несие босатуға келісуін еске ала отырып,

екі жақ төмендегідей мәмілеге келді:

1 Бап

Несие жөніндегі Ережелер; Анықтама

1.01. Тарау. Банк туралы Ережелерге Несие жөніндегі кәдуілгі операциялар турасында 1986 жылғы 1 шілдеде енгізілген барлық мәселелер осы Несие туралы Келісімге бұл құжатта толықтай көрсетілген жағдайдағыдай, бірақ төмендегідей өзгерістерге ұшыраған қалпында (несие жөніндегі кәдуілгі операциялар турасындағы Ережелердің осылайша өзгертілген түрі бұдан былайғы жерде Несие Ережелері деп аталады) пайдаланылады:

(a) 2.01 (17) Тарауы қалдырылып, былайша өзгертіледі:

"доллар", "долларлар" термині мен "\$" белгісі Америка Құрама Штаттарының доллары, немесе долларлары.

(b) 2.01 (26) және 2.01 (27) тараулары қалдырылып, 2.01 (26) тарауға "Долларлық пұл" дегеніміз Банктің өзінің кәдуілгі капитал қорынан доллар есебіндегі қаржылық төлемдерін немесе Несиelerін қаржыландыруға арналған төленбекен кредиттерінің доллар есебіндегі пұлы болып табылады.

(c) 3.02 тараудың бірінші параграфындағы соңғы сөйлем қалдырылады.

(d) 3.02 (b)(ii) тарау қалдырылып, былайша өзгертіледі: Несиеге байланысты болып отырған "(ii) кәсіптік сараптағы кредиттер" Банктің 1992 жылдың 30 маусымынан кейінгі мерзімде пайдаланылып келе жатқан долларлық пұл есебіндегі төленбекен

кредиттері болып табылады.

(e) 3.06 (a) тараудың соңғы сөйлемі және 3.06 (b) тараудағы "Банкке қолайлыш күнге" деген сөздер кейінгे қалдырылады.

(f) 4.02 тарау қалдырылып, былайша өзгертіледі: "Қарыз шотындағы қаржы доллар есебімен алынуға тиіс".

(g) 4.03 (a) тарау қалдырылып, былайша өзгертіледі: "Несиенің негізгі сомасы доллар есебімен қалпына келтірілуі тиіс".

(h) 4.04 тарау қалдырылып, былайша өзгертіледі: "Несиенің кез-келген проценті доллар есебімен қалпына келтірілуі тиіс".

(i) 4.05 тараудағы "және 5.02 тарауға сәйкес кез-келген міндеттеме бойынша төлем" сөздер кейінгे қалдырылады.

(j) 4.09 тарау кейінгे қалдырылады да, 4.09 жаңа тарауға мыналар қосылады:

Бұл Ережелердің осы келісімге қайшы келетін тұстарынан басқа қандай да бір шарттарына қарамастан, несие берілген жағдайда қаржы қарыз шотынан алынуға тиісті, ал аса бір ерекше жағдайларда Банк өзінің қажет деп табуына байланысты қаржыны шоттан қандай валюта және валюталар есебімен тұсіру мақсатында доллар ретінде төлей алмайтын болса, онда бұл мәселені Банктің өзі анықтайды. Несиенің белгіленген негізгі сомасы сондай валютамен немесе валюталармен толтырылуы тиіс. Осындай валютамен немесе валюталармен төленген Несиенің негізгі сомасына қолданылатын проценттік ставка Банк шығындары тарапынан сондай валюта немесе валюталар, оның үстіне Банктің қаржыны алу проценті мен оны Несие алушыға беру процентінің айырмасын қосу арқылы ауық-ауық Банктің өзі ақылға сиымды мөлшерде тағайындастын көлемде негізделеді.

1. 02 Тарау. Несие туралы Ережелерде анықтама берілген бірнеше терминдер Несие жөніндегі осы Ережелердің және Несие туралы Келісімнің (арнайы операциялар) 1.02 Тарауында қай тұста қолданылғанына қарамастан, егер олардың мазмұны басқаша мағына тілемейтін болса, өздерінің тиісті мағынасына ие болып қала береді.

2 Бап

Несие

2. 01. Тарау. Банк Несие алушыға өзінің кәдуілгі капитал қорынан отыз миллион доллар (30.000.000 миллион доллар) несие босатуға келіседі.

2.02. Несие алушы Банкке Несие туралы Ережелердің 3.02. тарауында көрсетілген мөлшерге сәйкес процент төлеуге міндетті.

2.03. Тарау. (а) Несие алушы төрттен үш процент (0,75%) мөлшерінде комиссия төлеуге міндетті. Мұндай комиссия несие сомасына (қарыз шотынан ауық-ауық алынып тұратын сомадан аз мөлшерде) Несие туралы осы келісімнің күнінен 60 күн өткеннен кейінгі мерзім ішінде төмендегідей түрде жинақталуы тиіс:

алғашқы он екі айлық мерзім ішінде - 4,500,000 доллар.,

екінші он екі айлық мерзім ішінде - 13,500,000 доллар.,
ұшінші он екі айлық мерзім ішінде - 25,500,000 доллар., және әрі қарай бүкіл несие сомасына дейін.

(b) Егер несиенің қандай да бір сомасы жойылатын болса, онда осы жойылудың алдында несиенің осы тараудың (а) параграфында тағайындалған әрбір бөлігі несиенің барлық сомасы қалай жойылса, дәл сол пропорцияда қысқартылып отыруға тиіс.

2.04. Тарау. Несие бойынша процент және басқа төлемдер әр жылдың жартысында 15 маусым және 15 желтоқсан күніне төленуге тиісті.

2.05. Тарау. Несие алушы несиелік шоттан алынған несиенің негізгі сомасын осы Несие туралы Келісімнің N 1 қосымшасында көрсетілген амортизациялық кестеге сәйкес орнына келтіруге міндettі.

3 Бап Несие қаржысын пайдалану

3.01. Тарау. Несие алушы несиелік қаржыны осы Несие туралы Келісімнің Ережелеріне сәйкес Жобаның шығындарын қаржыландыруға пайдаланады.

3.02. Тарау. Несие есебінен қаржыландырылатын товарлар мен қызмет және басқа да шығындар, сонымен қатар несие сомасының осындай товарлар мен қызмет көрсетудің әртүрлі категорияларына таратылуы осы Несие туралы Келісімнің N 2 қосымшасында көрсетілген Ережелерге тура келеді, себебі Несие алушы мен Банктің өзара келісімі нәтижесінде бұл қосымшаға ауық-ауық түзетулер енгізіп отыруы мүмкін.

3.03. Тарау. Несие алушы мен Банк басқаша келіспеген жағдайда несие есебінен қаржыландырылатын товарлар мен қызмет көрсетудің барлық түрлері Несие туралы Келісімнің (арнайы операциялар) N 4 және N 5 Қосымшаларына орай сатып алынады. Товарлар мен қызмет көрсетудің Несие алушы мен Банк арасында келісілген іс-қимылға сәйкес сатып алынбаған жағдайында, не болмаса келісімнің шарттары Банкті қанағаттандырмаған жағдайда Банк келісім-шартты қаржыландырудан бастартуы мүмкін.

3.04. Тарау. Несие алушы мен Банк басқаша келіспеген жағдайда Несие алушы несие есебінен қаржыландырылатын товарлар мен қызмет көрсету толығымен тек қана Жобаны орындауға жұмсалуына қатаң шараптар қолдануы тиіс.

3.05. Тарау. Несие жөніндегі Ережелердің 8.03 тарауына сәйкес мақсаттар үшін несие шотынан қаржы алудың қорытынды ақырғы күні 2003 жылдың 30 маусымы, немесе Несие алушы мен Банк арасында ауық-ауық келісім бойынша белгіленген кез-келген басқа күн болады.

4 Бап

(Ерекше жағдайлар)

4.01. Тарау. (а) Несие алушы Жобаны тиісті дәрежедегі тиімділікпен және ыждағаттылықпен, әрі ақылға сиымды әкімшілік, қаржылық, инженерлік, экологиялық және ауыл шаруашылық тәжірибесіне сәйкес жүргізуге жан-жақты шаралар қолданады.

(в) Жобаны орындау жолында және Жобаның техникалық құрал-жабдықтарын пайдалану барысында Несие алушы Несие жөніндегі Келісімнің (арнайы операциялар) N 6 Қосымшасында баяндалған барлық міндеттемелерді орындаиды және олардың орындалуына ықпал жасайды.

4.02. Тарау. Несие алушы Жобаның орындалуына арналған және Жобаны орындауға ықпал жасайтын іс-әрекеттер мен жағдайларды қолдау мақсатында қажетті игіліктер мен шарттарды, жер және басқа да қорларды керегінше қамтамасыз етіп отырады.

4.03. Тарау. Несие алушы Жобаның орындалуы барысында Несие алушы мен Банкті қанағаттандырлық көлемде қолынан іс келетін кәсіби кеңесшілермен және мердігерлермен қамтамасыз етіп отырады.

(в) Несие алушы Жобаның орындалуын Несие алушы мен Банкті қанағаттандырлық дәрежедегі іс жоспарларымен, арнайы бағдарлармен, жұмыс кестесімен және құрылышты жүргізу әдістерімен қамтамасыз етеді. Несие алушы осындај жоспарлармен, арнайы бағдарлармен, жұмыс кестесімен оларды даярлаудан көп кешіктірмesten қамтамасыз етеді және Банктің негізді сұрақтарына орай көрсетілген құжаттарға ықтиятын түзетулер енгізеді.

4.04. Тарау. Несие алушы Жобаның орындалуына және оның техникалық құрылымдарының іс-әрекетіне қатысы бар өзінің бөлімшелері мен агенттіктерінің жұмысының ақылға сиымды әкімшілік саясат пен әрекеттер шенберінде үйлесімді түрде жүргізуін қамтамасыз етеді.

4.05. Тарау. Несие алушы құрал-жабдықтарды қамсыздандыруға қатысты, әрі Банкті қанағаттандырлық дәрежедегі шараларды ақылға сиымды көлемде және ықтимал тәуекел жағдайына лайық негізде даярлайды.

(В) Несие алушы жоғарыда айтылғандардың мән-мағынасын шектеместен Жобаға арналып әкелінген және несие қорымен қаржыландырылған товарларды оларды сатып алуға, тасымалдауға және пайдалану орнына жеткізуге, немесе орнатуға байланысты сақтандыруға кепілдік береді, немесе шаралар қолданады, әрі осындај сақтандыру үшін мұндай бұйымдарды жөндеу, немесе ауыстыру бағытында еркін қолданылатын валютаның кез-келген сомасы төленеді.

4. 06. Тарау. (а) Несие алушы товарлар мен қызметті сарапап-салыстыруға және несие қорымен қаржыландырылатын игіліктердің басқа да қаржылық жөн-жобасына жеткілікті мөлшерде қатысы бар жазбалар мен есеп-шоттарды сақтайды, немесе

оларды сақтау шараларын жүзеге асырады. Осылардың Жобаның орындалуы барысында пайдаланылуын ашу және Жобаның дамуын (оның бағасын бірге қосқанда) тіркеу мақсатында ашып көрсету, бухгалтерлік есептің бүгінгі таңда қолданылатын принциптеріне сәйкес Несие алушының Жобаның орындалуына және оның механизмдерінің іс-әрекетіне, немесе олардың Жобаға қатысты кез-келген бөлігіне байланысты сақталып отыруына ықпал жасайды.

(в) Несие алушы Жоба үшін жеке есеп-шот сақтайды және олардың сақталуына шара қолданады; (ii) оның өзінің құзырында осындай шоттармен қатар жыл сайын тәуелсіз аудиттен өтіп отыратын, әрі олардың кәсіби деңгейде саралануы, тәжірибесі мен келісім шарттары Банк үшін тиімді деп табылатын тиісті қаржылық есеп-қисабы болады; (iii) Банкке қажетінше, алайда фискалдық жыл соңынан кейінгі тоғыз (9) айдан бұрынырақ осылайша тексерілген есеп-шоттар мен қаржылық есеп-қисаптардың тексеру қорытындылары жөніндегі аудит үйғарымдарының (Несие қорының осы Несие жөніндегі Келісімінің мақсаттарына сәйкес пайдаланылуы жайындағы аудиторлар қорытындысымен қоса) көшірмелерін беріп тұрады, әрі бұлардың бәрі ағылшын тілінде болуы шарт; Несие алушы осындай шоттар, қаржылық есеп-қисап және аудит қорытындылары турасында Банк тарапынан ауық-ауық сұралып тұруына орай басқа да ақпараттар мен маглұматтар береді.

(с) Несие алушы Банкке оның өз өтініші бойынша аудиторлармен бірге ауық-ауық Несие алушының Жоба жөніндегі қаржылық тізімдерін және Жобаға байланысты іс-әрекеттерді талқылау хұқын беруге міндетті және осының барысында мұндай аудиторлардың өкілі Банк талап еткен мәселе бойынша өкілеттік беріп, сұрау салуы тиіс, әрі мұндай талқылау, Несие алушы басқаша келіспеген жағдайда Несие алушы тарапынан лауазымды тұлғаның өкілі қатысқан жағдайда талқыланады.

4.07. Тарау (а) Несие алушы Банкті несие хақында және несие қорының жүмсалуына байланысты негізді түрде талап еткен есеп-қисаппен және ақпараттармен қамтамасыз етеді, немесе қамтамасыз ету шараларын қарастырады. Мұндай талаптар несие қорын қамту товарлар мен қызметтерді, несие қоры арқылы қаржыландырылған өзге де шығындарды, (iv) Несие алушының Жобаны, немесе оның кез-келген бөлігін орындауға міндетті болып отырған агенттіктерінің әкімшілік қызметіне, іс-әрекетіне және қаржылық жағдайына қатысты болады, әрі (v) Несие алушының территориясындағы қаржылық-экономикалық жағдайға, Несие алушының халықаралық төлем балансының жай-жапсарына және (vi) Жобаның мақсат-мұддесіне байланысты басқа да мәселелерге қатысты болады.

(в) Несие алушы жоғарыда айтылғандардың мән-мағынасын шектеместен Банкке Жобаның орындалуы, оның механизмдерінің іс-қимылы және олардың басқарылуына байланысты әр тоқсан сайын есеп беріп тұрады немесе осыған ықпал жасайды. Мұндай есеп берулер Банктің негізді талабына сәйкес формада және көлемде, әрі тиісті уақыт ағымында беріледі; мұның үстіне мәселе қаралған мерзімде кездесіп отырған

проблемалар және қол жеткен табыстар көрсетіледі, әрі ондай проблемаларды шешу бағытында қабылданған, немесе соған қажетті шараптар және алдағы тоқсандағы іс-әрекет бағдарламасы мен ықтимал ілгері басушылық атап көрсетіледі.

(с) Жобаның табиғи түрде аяқталуынан соң, бірақ осыдан кейін үш (3) ай өтпей тұрып немесе осы мақсатта Несие алушы мен Банк арасында келісілген бұдан да кешірек мезгілде Несие алушы Банкке оның өзі Жобаның орындалуы және оның алғашқы іс-әрекеті жөнінде оның өз бағасымен қоса Несие алушының Несие тұрасындағы келісімге сәйкес міндеттемелерінің және Жобаның мұраттарын жүзеге асыруды орындауды жөнінде негізді түрде талап етуіне байланысты формада және егжей-тегжейлі есеп даярлап ұсынады.

4.08. Тарау. Несие алушы Банк өкілдеріне несие қоры арқылы қаржыландырылған товарларды және Жобаның өзін, және де қажет болған жағдайда кез-келген есеп-қисаптар мен құжаттарды тексеруге мүмкіндік береді.

4.09. Тарау. Несие алушы Жобаның механизмдері іс үстінде болуын, олардың ақылға сиымды әкімшілік, қаржылық, инженерлік, экологиялық және ауыл шаруашылық тәжірибесіне орай қолдау тауып басқарулын қамтамасыз етеді.

4.10. Тарау. (а) Несие алушы мен Банктің екеуінің де ниеті Банктен басқа қарыз берушінің ешқайсысына ешқандай қарыз жөнінде Несиеден артықшылық көрсетілмейді және мұндайда Несие алушының қарызы үшін актив тартуға жол берілмейді. Осы мақсатта Несие алушы Банк басқаша келіспеген жағдайда Несие алушының қандай да бір активтерді қарыз үшін, немесе қандай бір сыртқы қарызға кепілдік сипатында келтірсе, егер мұндай хұқық көпе-көрінеу жағдайға байланысты несие жөніндегі басқа да төлемдермен қатар негізгі соманы төлеуге, қызмет көрсету төлемдерін атқаруға дәл сондай кепілдікке тұспа-тұс келетін болса және (ii) Несие алушы мұндай хұқықты тудырса немесе тудыруға ықпал жасаса, онда мұндай хұқық қолма-қол қамтамасыз етіледі.

(в) Осы тараудың (а) параграфындағы Ереже (i) мүлікті оны сатып алу кезеңінде мұндай мүліктің сатылып алыну бағасын төлеуге кепілдік сипатында кімге де болса мүлікті сатып алу кезеңінде борыш есебіне ұстап қалу мақсатында қолданылмайды; немесе Банк операциялары және төлем мезгілі оның уақытынан кемінде бір жылдан кейін келетін борыш кепілдігі барысында борыш үшін ұстап қалу мақсатында қолданылмайды.

(с) "Несие алушының активтері" термині осы тараудың (а) параграфында пайдаланылуына сәйкес Несие алушының кез-келген ұйымдары мен құрылымдарының активтерін және Қазақстан Ұлттық Банкінің немесе Несие алушы тарапында Орталық Банктің нұсқасын атқаруши кез-келген құрылымдардың кез-келген ұйымының активтерін қамтиды.

Тоқтата тұру; Алып тастау; Мерзімінен бұрын аяқтау

5.01. Тарау. Бұл Банктің несие жөніндегі операциялары турасындағы Ережелерінің 8.02 (1) тарауындағы мақсаттарға сәйкес несие алушының қаржыландыру шотынан сома алу жөніндегі хұқығын тоқтатудың қосымша тәсілі ретінде белгіленеді. Несие алушы Несие турасындағы Келісімде (арнайы операциялар) көрсетілген өз міндеттемелерінің ешқайсысын орындаі алмады.

5.02. Тарау. Бұл Банктің несие жөніндегі операциялары турасындағы 8.07 (d) тарауындағы мақсаттарға орай аяқтаудың қосымша көрінісі ретінде айқындалған. Бұл үшін осы Келісімнің 5.01. тарауында көрсетілгендергідей жағдай туындауы тиіс.

**6 Бап
Күшіне ену**

6.01 Тарау. Мынадай жағдай Несиенің Техникалық шарттарындағы 9.01 (f) тарауының мақсатына орай осы Несие жөніндегі Келісімнің күшіне енуінің қосымша шарты болып табылады: Несие туралы Келісім (арнайы операциялар) әдемілеп жасалып, Несие алушының атынан ресми түрде

тапсырылуы тиіс, әрі оның өз күшіне ену шарттары (Несие турасындағы осы Келісімнің күшіне енуін талап ететін шарттардан басқа) толығымен орындалуы тиіс.

6.02 Тарау. Несие туралы Келісімнің күшіне енуі үшін Несие туралы Ережелердің 9.04 тарауындағы мақсаттарға орай Несие турасындағы осы Келісімнің күнінен кейін тоқсан (90) күн мерзім белгіленеді.

**7 Бап
Өзгедей мәселелер**

7.01 Тарау. Несие алушының Қаржы Министрлігі Несие туралы Ережелердің 11.02 тарауындағы мақсаттарға орай Несие алушының өкілі болып тағайындалады.

7.02. Тарау. Несие туралы Ережелердің 11.01 тарауындағы мақсаттарға орай төмендегі мекен-тұрақтар көрсетіледі:

Несие алушы үшін:

Қазақстан Республикасы, Алматы 480091

Абылай хан даңғылы, 97

Қаржы министрлігі

Факс N: (7-3272) 63 69 84; 62 27 70

Банк үшін:

Азия Даму Банкі

П/ж 789

0980 Манила, Филиппин аралдары

Факс - (632) 636-2444;

(632) 636-2402.

Осыны қуәландыру үшін екі жақ тиісті өкілдіктерге ие адамдары арқылы осы Келісімге өздерінің тиісті аты-жөндерімен қол қойып, Банктің Бас мекемесіне жоғарыда көрсетілген күні әкеліп тапсыруды қамтамасыз етті.

Қазақстан Республикасы

Өкілетті адам

Азия Даму Банкі

Өкілетті адам

Мерзімінен бұрын жасалған төлем үшін сыйлық

Несие жөніндегі Ережелердің 3.06 (b) тарауына сәйкес несие қорының негізгі сомасының қандай да бір бөлігін белгіленген мерзімнен ертерек төлегені үшін сыйлық ретінде төмендегідей проценттер көлемі ұсынылады:

Ерте төлеудің мерзімдері

Сыйлық

Мерзімінен бұрын төленген
жағдайда

Несиенің төленбекен сомасына
қолданылатын процентті

Ставка

(жылдық процент есебінде)

мыналарға көбейтіледі:

Кемінде 3 жыл бұрын болса	0,11
3 жылдан 6 жылға дейін ерте	0,22
6 жылдан 11 жылға дейін ерте	0,41
11 жылдан 17 жылға дейін ерте	0,63
17 жылдан 22 жылға дейін ерте	0,81
22 жылдан 25 жылға дейін ерте	0,22
Мерзімінен 25 жыл ерте	1,00

N 2 Қосымша

Несие қорын алу және бөлу

Жалпы бөлім

1. Осы қосымшага тіркелген кестеде Несие қорынан қаржыландырылуға тиісті товарлар мен қызметтердің және басқа да шығындардың категориялары, Несие сомасының әр категория бойынша бөлінуі (бұдан әрі қарайғы жерде Кесте) көрсетілген. (Осы қосымшадағы "Категорияға" немесе "Категорияларға" жүгіну Кестенің Категориясы мен Категорияларына, ал "Категория ішіндегіге" немесе "Категориялар нышнегілерге" жүгіну осы қосымшадағы Категорияның Категория ішіндегісінде немесе Категориялар ішіндегілерге тәуелді).

2. Жергілікті салық

Несиенің есеп-шотынан қандайда болмасын жергілікті салық турасында қаржы алынбайды.

Банктен қаржыландырудың проценті

3. Осы қосымшада қарастырылған кейбір жағдайларды есептемегендегі Кестеде көрсетілген Категориялар мен Категориялар астындағылар тізіміндегілер осы Кестеде көрсетілген проценттер негізінде Несие қорынан қаржыландырылады.

4. Осы қосымшаның 5 параграфына қарамастан Несие жөніндегі Келісімнің (Кәдуілгі операциялар) N 4 қосымшасындағы тиісті ережелерге орай халықаралық сауда бәйгесі немесе халықаралық сатып алу шараларын өткізу нәтижесінде жергілікті жеткізушіге берілген кез-келген келісім-шарт төмендегі себептерге сәйкес Несие қорынан қаржыландырылады:

(а) егер жергілікті жеткізушіден алынған, жергілікті жағдайда жасалған бұйымдар

жеткізіліп берілген бұйымдардың (қандай да бір салықтардан басқа) франко-зауыттық құны 100% қаржыландырылған болса, және:

(b) егер жергілікті жеткізушиден алынған бұйымдар түгелдей сырттан әкелінген болса, онда оның келісім бағасының валюталық құны 100% қаржыландырылады.

Жергілікті шығындар

5. (a) Жергілікті шығындарды қаржыландыру мақсатында Несие есеп-шотынан 20,250,000 АҚШ доллары мөлшеріндегі несие қорын алуға болады.

(b) Егер осы параграфта ерекше қаралмаған болса және Банкпен ерекше келісілмеген болса Жоба бойынша жергілікті шығындар турасында несие қорынан ешқандай сома алынбақ емес.

Процент және комиссиялық төлем

6. Үшінші категорияға бөлінген сома Жобаны орындау барысында несие бойынша төленетін процент пен комиссиялық төлемге арналады.

Қайта бөлу

7. Осы Қосымшаның 5 параграфына сәйкес және де несие қорының бөлінуі мен алынған проценттің Кестеде көрсетілуіне қарамастан мынадай жағдайларда несие қоры қайта бөлінуі мүмкін:

(a) Егер кез-келген категория бойынша бөлінген несие сомасы осы Категория бойынша келісілген барлық шығындарды қаржыландыру үшін жеткіліксіз деп табылса, Банк Несие алушыға хабарлай отырып

(i) Банктің пайымдауынша белгілі бір жетіспеушілікті жабуға қажет болған басқа категорияның сомасын, егер бұл сома басқа шығындар үшін қажет болмаса; және (ii) егер мұндай қайта бөлу әлгідей жетіспеушілікті жаба алмайтын болса, осы Категория бойынша барлық шығындар жабылып біткенге дейін мұндай категориялардың қаржысынан алып отыру осы шығындардың процентін азайту мақсатында жалғаса беретіндей жағдайда қайта бөлуге хұқылы.

(b) Егер кез-келген категория бойынша бөлінген несие сомасы осы Категория бойынша келісілген барлық шығындардан жоғары болса, онда Банк Несие алушыға хабарлай отырып осы артық соманы кез-келген басқа Категорияларға қайта бөле алады.

Қаржыландыру шоты, шығындық тізбелер

8. (a) Банк пен Несие алушы арасында басқаша келісім болмаған жағдайларда Несие алушы осы Келісім күшіне енген күннен кешіктірмей 500,000 АҚШ доллары көлемінде кәдуілгі операцияларды қаржыландыру шотын ашуға міндетті. Кәдуілгі операцияларды қаржыландыру шоты Банк үшін қолайлы жағдайлар мен мезгілде және банктік "Несие төлеу туралы нұсқаулар" (1996 жылдың маусымы) Ұсынымына, сонымен қатар Банк пен Несие алушы арасында келісілген егжей-тегжейлі келісімдерге орай дер кезінде ашылып, басқарылады және тарқатылады. Кәдуілгі операцияларды қаржыландыру шотына әу баста салынатын сома 500,000 АҚШ доллары көлемінен аспауы тиіс.

(в) Банктің шығындық тізбелері (SOE) Несиені орнына салу жөніндегі Нұсқауларға сәйкес және Банк пен Несие алушы арасында келісілген егжей-тегжейлі келісімдерге орай кәдуілгі операцияларды қаржыландыру шотына келіп түскен міндеттемелік шығындарды және алдын-ала төлемдерді орындау мақсатында пайдаланылуы мүмкін. Осы шығындық тізбелер шеңберінде жойылатын жекелей төлемдер 500,000 АҚШ доллары көлемінен аспауы тиіс.

(с) Несие алушы кәдуілгі операцияларды қаржыландыру шоты шығындық тізбелер шеңберінде тексеріліп тұруын және аудиторлардың осы мәселе жөніндегі қорытындысы осы Несие туралы Келісімнің 4.06 (б) тарауына сәйкес аудиторлар есебіне жеке енгізілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Қаржыландыру шотынан қаржы алу шарттары

9. Осы Келісімнің кез-келген басқа Ережелеріне қарамастан (а) Несие алушы Жобаның Банкке тиімді қалыптағы ВССА көлемінде көптеген жерлерден өкілдік етуші бенефициарларымен жазбаша келісім жасамайынша ВССА шеңберіндегі іс-әрекеттер үшін Несие қорының қаржыландыру шотынан ешқандай сома сыпырылып алынбайды. Бұл тек бенефициарлар (i) Жоба тарапындағы ВССА іс-әрекеттерінің беталысын макұлдаған жағдайда және (ii) Қаржыны орнына келтіру жөніндегі Қаулының шарттарына сәйкес Жоба шеңберіндегі осындай іс-әрекеттердің инвестициялық бағасының келісілген проценттік төлемдерін және (iii) ЭТО талабына сәйкес шаруашылықаралық ирригация және құргату жүйелерін, оның ішінде құргату құдықтарын қоса АВП құрылудың макұлдаған жағдайда мүмкін болады. Және:

(в) Несие алушы тарапынан суға толық Заң күшіндегі баға есептейтін Қаулы шығарылмайынша және Несие алушы суға баға есептеу жөніндегі осы Қаулының заңды күшін заңгерлер жағынан Банкке тиімді қалыпта толық дәлелдейтін құжаттармен қамтамасыз етпейінше Несие қорының қаржыландыру шотынан Жобаның В бөлігі үшін ешқандай сома сыпырылып алынбақ емес.

N 1 Қосымша

Амортизациялық кесте

(Су қорларына иелік жасау және жерді қалпына келтіруді басқару жобасы)

Төлем мерзімі

Негізгі соманы төлеу

(* АҚШ доллары есебімен)

15 маусым 2005	US\$ 248,300
15 желтоқсан 2005	260,800
15 маусым 2006	273,800
15 желтоқсан 2006	287,500
15 маусым 2007	301,900
15 желтоқсан 2007	317,000
15 маусым 2008	332,800
15 желтоқсан 2008	349,400
15 маусым 2009	366,900
15 желтоқсан 2009	385,300
15 маусым 2010	404,500
15 желтоқсан 2010	424,300
15 маусым 2011	446,000
15 желтоқсан 2011	468,300
15 маусым 2012	491,700
15 желтоқсан 2012	516,300
15 маусым 2013	542,100
15 желтоқсан 2013	569,200
15 маусым 2014	597,700
15 желтоқсан 2014	627,600
15 маусым 2015	658,900
15 желтоқсан 2015	691,900
15 маусым 2016	726,500
15 желтоқсан 2016	762,800
15 маусым 2017	800,900
15 желтоқсан 2017	841,000
15 маусым 2018	883,000
15 желтоқсан 2018	927,200
15 маусым 2019	973,500
15 желтоқсан 2019	1.022,200
15 маусым 2020	1.073,300
15 желтоқсан 2020	1.127,000
15 маусым 2021	1.183,300

* Осы бағандағы сандар қаржыны алу кезеңдеріне тиісінше белгіленген доллар мағынасын білдіреді. Несие жөніндегі Ережелерге (кәдуілгі операциялар) сәйкес тиісті күндерге белгіленген Төлемдер.

Амортизациялық кесте

(Су қорларына иелік жасау және жерді қалпына келтіруді басқару жобасы)

Төлем мерзімі Негізгі соманы төлеу (* АҚШ доллары есебімен)

15 желтоқсан 2021	US\$ 1.242,500
15 маусым 2022	1.304,600
15 желтоқсан 2022	1.369,900
15 маусым 2023	1.438,400
15 желтоқсан 2023	1.510,300
15 маусым 2024	1.585,800
15 желтоқсан 2024	1.665,100

* Осы бағандағы сандар қаржыны алу кезеңдеріне тиісінше белгіленген доллар мағынасын білдіреді. Несие жөніндегі Ережелерге (кәдуілгі операциялар) сәйкес тиісті күндерге белгіленген Төлемдер.

(N 2 Қосымшаға тіркеме)

Кесте

Несие қорын бөлу және шоттан алу (Су қорларына иелік жасау және жерді қалпына келтіруді басқару жобасы)

Категория Банктік қаржыландыру проценті

N Ic-әрекет Бөлінген қаржы % Қаржыландыру
тізбесі Категория Категория шотынан ақша аудың
ішінде негіздері

1 Инженерлік 11,972,200
кұрылым
жұмыстары

1 Судың			
A деңгейі мен	7,299,000	44	0% шетел, 44% жергілікті
тұздануын			шығындар
бақылау			
1 Шаруашылық			
B аралық суару	2,047,000	75	Жалпы шығын проценті
жүйесін			1% шетел, 74% жергілікті
жетілдіру			шығындар
1 Су және жер			
C қорларын	2,626,000	76	Жалпы шығын проценті
жергілікті			4% шетел, 72% жергілікті
басқару			шығындар
Кұрал-жабдық			
2 (насос, бақылау	3,750,000	100	Шетелдік шығын проценті
запас бөлшек)			
3 Процент,			
комиссия	4,579,000	100	Шетелдік шығын проценті
4 Бөлінбегені	9,699,000		
Барлығы	30,000,000		

Оқығандар:
 Қобдалиева Н.
 Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК